

Халықты жұмыспен қамтудың 1994 жылға арналған республикалық бағдарламасы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1800 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ұсынған Халықты жұмыспен қамтудың 1994 жылға арналған республикалық бағдарламасы бекітілсін /қоса беріледі/.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдем жасау қорына 1994 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсат үшін белгіленген қаражаттың келіп түсу мөлшерінде Бағдарламаның қаржыландырылуын қамтамасыз ететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 4 ж ы л ғ ы

1 5 ш і л д е д е г і

N 1 8 0 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Халықты жұмыспен қамтудың 1994 жылға арналған республикалық бағдарламасы

Осы Бағдарлама жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалардың тереңдетілуін және еңбек нарығындағы ахуалды ескере отырып жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды белгілейді.

1. Еңбек нарығының 1994 жылға арналған болжамы

Еңбек нарығындағы 1993 жылғы ахуал жұмыскерлердің босап қалуы және жұмыссыздық деңгейі турасында болжамдық бағалауды жоққа шығарды. Жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыруға, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге байланысты еңбек нарығын 250-ден 450 мыңға дейін жұмыстан босап қалғандар толықтырып, ал жұмыссыздар саны 200-500 мың адамға жетеді

деп шамаланған болатын.

Халық шаруашылығын жұмыскерлердің босап қалуы шынтуайтында болжамданғаннан азырақ, өндірістің құлдырау қарқынының одан әрі үдей түсуіне қарамастан 46,7 мың адам болып шықты.

Бұл процесстер 1994 жылғы еңбек нарығын болжамдауда ескерілді. Республикада әзірге жаппай жұмыссыздық байқалмайды. Алайда жасырын жұмыссыздықтың "шоғырлануы" орын алуда. Ықтиярсыз демалыста жүрген жұмыскерлер мен өндірістің құлдырауына байланысты толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтіндерді ескергенде, жасырын жұмыссыздық экономикалық тұрғыда белсенді халық санының 2-3 проценті мөлшерінде б а ғ а л а н а д ы .

Физикалық көнеруге байланысты жойылатын жұмыс орындарының саны жаңадан ашылатындар санынан инвестициялық белсенділіктің төмендігі салдарынан арта түседі.

Еңбек нарығына 1994 жылы мынадай факторлар әсерін тигізді:
өндіріс көлемінің азаюы;
тиімділігі төмен, зиян шегіп отырған кәсіпорындар мен ұйымдарды қайта
құру және жою:

құрылымдық өзгерістер, жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу;
еңбек нарығында жұмыс күшіне кәсіби біліктілік және аумақтық
аспектілерінде сұраныс пен ұсыныстың теңестірілмегендігі.

1994 жылы жұмыскерлердің босап қалуы 133 мың адам құрайтын болады.

Жұмыстан босап қалудың мұндай ауқымымен жұмыссыздық бұрынғыша кәсіпорындар мен ұйымдарда жасырын нысанда шоғырланып, 400-ден 600 мың адамға дейін құрауы мүмкін.

Еңбек нарығында жұмыс күнін ұсыну қолы бос халықтың барлық санаттарының есебінен, жұмыстан босап қалатындары қоса алғанда, 1445 мың адамға жетеді.

Жұмыс істеп тұрған қорларды ауыстыруға және модерлендіруге бөлінетін болжалды инвестициялар мөлшеріне, сондай-ақ мемлекеттік емес кәсіпорындар есебінен жұмыс орындарының көбеюіне орай жұмыс күшіне сұраныс / кәсіпорындар мен ұйымдардан табиғи себептермен шығатындарды ауыстыруды ескере отырып/ 1047 мың адам деңгейінде болжамдалып отыр.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметіне жұмыс іздестіріп 327 мың адам келіп жүгінеді, олардың ішінен 157 мың адам жұмысқа орналастырылады, ал 170 мың адам жұмыссыздар болып танылады.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі ресми тіркеген жұмыссыздық деңгейі 2,2 процент құрайды. Жасырын жұмыссыздықты ескергенде ықтимал жұмыссыздық деңгейі 7-10 процент құрауы мүмкін.

Еңбек нарығындағы жаппай жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған шаралардың жүзеге асырылуын, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауды талап етеді.

2. Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар

1994 жылы мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің негізгі міндеті жұмыстан босатылғандар мен жұмыс істемейтін азаматтарға жұмыс іздестіруге және жұмыс берушілерге қажетті кадрларды іріктеп алуға жәрдем беру болып т а б ы л а д ы .

Ақпарат құралдары еңбек нарығындағы ахуалды, бос жұмыс орындары мен вакансиялар туралы мәліметтерді, жұмысы жоқ азаматтарға өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуді дамыту мүмкіндіктері туралы ұсыныстарды, жұмыс күшінің сапасын арттырудағы Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің рөлін, оның кәсіптік және аумақтық ұтқырлығы мен жұмысты жіті іздестіруге ынталандыруын жариялап отыруы қажет.

Еңбек нарығында халықты әлеуметтік қолдау тұрғысынан маңызды рөлді кәсіптік бағдарлау, кәсіптік оқыту және қайта даярлау атқаруға тиіс.

Кәсіптік бағдарлау, кәсіптік оқыту және қайта даярлау

1994 жылы жұмыстан босап қалғандар мен жұмыспен қамтылған халық ішінен 25 мың адам оқытудан өтеді. Кәсіптік оқыту көлемін ұлғайтуға мұқтаждық кәсіптік даярлаудың икемді және тармақталған жүйесін қалыптастыру, оны жүргізу нысандары мен шарттарын кеңейту қажеттігін т у ғ ы з а д ы .

Осы мақсатта Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі жұмыссыздарды және жұмыспен қамтылмаған халықты экономиканың жұмыс орындарына, соның ішінде перспективаға арналған, мұқтаждығын ескере, жұмыс берушілердің талаптарына, еңбек нарығындағы сұранысқа ұдайы бейімделе отырып кәсіптік о қ ы т у д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Босап қалған жұмыскерлер мен жұмыспен қамтылмаған халықты оқыту мемлекеттік емес оқу орындары жүйелерінде келісімді негізде даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін тікелей өндірісте, соның ішінде конверсияланатын кәсіпорындарда, сондай-ақ Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің оқу-методикалық орталықтарының базасында қосарластыра дамыта о т ы р ы п жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруда басым назар еңбек нарығындағы халықтың әлсіз бәсекелес санаттарына: жұмысты тұңғыш рет іздестірушілерге, мүгедектерге, ұзақ уақыт жұмыс істемегендерге, көп балалы аналарға аударылатын болады. Оларды даярлау жаппай кәсіптер бойынша да, сондай-ақ оларға үй еңбегімен, шағын бизнеспен, кәсіпкерлікпен айналысуға

мүмкіндік беретін кәсіптер бойынша жүзеге асырылады.

Ауылшаруашылық аймақтарында халықтық кәсіптер мен қолөнершілікке оқыту ұйымдастырылады.

Жергілікті ұлт адамдарын даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру үшін еңбек нарығында сұранысқа ие болып отырған, сондай-ақ жеке еңбек қызметінің дамуына ықпал жасайтын кәсіптер бойынша қазақ тілінде 20 оқу бағдарламасын әзірлеу көзделіп отыр: фермер - жалдаушы, хатшы-референт, сылақшы-әрлеуші, ұлттық тағамдар аспазы, домбыра, қобыз жасау шебері, кілем тоқу шебері және басқалар.

Кәсіптік бағдарлауды жетілдіру мақсатында курстық оқу желісінің, жаңа және беделді мамандықтардың, кәсіптердің ақпараттық банкін қалыптастыру, кәсіптік графикалық материалды /бейнекәсіпжазбаларды жасауды қоса/ әзірлеу, Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің жұмыс практикасына адамды зерттеудің психодиагностикалық кәсіптік бағдарлау әдістемелерін енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру

1994 жылы ақы төленетін қоғамдық жұмыстар одан әрі жалғасын табады, олармен 20,4 мың жұмыссызды қамту белгіленіп отыр.

Қоғамдық жұмыстарға қалалық жерлерде:

қалаларды экологиялық тазарту, жаяу жүргіншілер жолдарын салу, мектептер мен ауруханаларды жөндеу, күндізгі бала-бақшалардағы жұмыс, жас көшеттер, көкөніс, жемістер және басқаларды өсіру; ауылдық жерлерде: ұсақ жер суландыру жұмыстары, жолдар салу, тұрғын үй мен мектептер салу, жерді қорғау және ағаш отырғызу жатады. Бұдан басқа қалалық және ауылдық жерлерде қоғамдық жұмыспен айналысатындар кәрілерге, мүгедектерге қызмет көрсетіп, аурулар мен балаларды күтуге көмек береді.

Жұмыс орындарын квоталау

Халықтың еңбек нарығында әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж санаттарын /кәмелетке жетпеген балалары бар әйелдер, 20-ға дейінгі жастар, мүгедектер/ жұмыспен қамтуға жәрдем жасау жөніндегі бірінші кезектегі шара ретінде жұмыс орындарын квоталауды ұйымдастыру, және бәрінен де бұрын мемлекеттік сектор кәсіпорындарында, ал аумақтық тұрғыда - кәсіпорындарындағы бос жұмыс орнының саны ең көп Қазақстанның орталық облыстарында /Қарағанды, Павлодар, Жезқазған/, көзделіп отыр.

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу

1994 жылы жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны 96,2 мың жұмыссызға төлеуді жүзеге асыру белгіленеді.

3. Бағдарламаны қаржыландыру

Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды /даярлау және қайта даярлау, қоғамдық жұмыстарға қатысу, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу/ іске асыруға 181832 мың теңге жұмсалады.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін дамытуға оның мамандарының біліктілігін арттыру мен оқытуды, жұмыспен қамту орталықтарын техникалық құралдар және ұйымдастыру техникасымен жабдықтауды, қызмет жайларын жалдауды, сондай-ақ баспа-жарнамалық жұмысы мен халықты жедел хабардар етуді қоса алғанда 34000 мың теңге жұмсау көзделіп отыр.

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдем жасау қорынан қоныс аудару шаралары /53,9 млн. теңге/ мен тұрғын үй саласын қаржыландыруға /47,6 млн. теңге/ арналған шығыстар ескеріле отырып, республикалық бюджетте 1994 жылға белгіленген жалпы шығындар 317,4 млн. теңгені құрайды.

**Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау жөніндегі
1994 жылға арналған
ШАРАЛАР**

N п/п	Шаралардың мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Шығындар, мың теңге
1.	Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау - 141,6 мың адам, с о н ы ң	1994 жыл і ш і н д е :	Еңбекмині, жергілікті әкімдер	181832
	- кәсіптік бағдарлау, даярлау - даярлау	// // 25 мың	// және қайта адам	60590
	- қоғамдық жұмыстар - 20,4 мың адам	// //	// адам	8965
	- жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу - мың адам	// //	// 96,2 адам	114277
2.	Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін ұстау және дамыту			34000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК